

1-МОДУЛЬ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ НЕГІЗГІ БІЛІМ

6-САБАҚ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮРГІЗУДЕГІ КОМПАНИЯ БАСШЫСЫНЫҢ РӨЛІ



Бұл презентация «Бизнестегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» онлайн-курсына дайындалды.

Онлайн-курс Siemens Integrity Initiative қолдауымен Құқықтық саясатты зерттеу орталығымен (LPRC) ынтымақтастықта «Kazakhstan Bar Association» заң консультанттары палатасы іске асыратын «ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес Қазақстанда іскерлік парасаттылықты арттыру мен корпоративтік басқаруды дамытудың жүйелі, құрылымдық және тиімді саясатын іске асыру» жобасы шеңберінде дайындалған.

БҰЛ САБАҚТЫҢ НЕГІЗГІ СҰРАҚТАРЫ

Негізгі сұрақтар:

1. Неліктен ұйым басшысы компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаның тиімділігінде маңызды рөл атқарады?
2. Басшының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті және оның қызметін құрудағы негізгі функциялары.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалардағы компаниялардың бірінші басшыларының көшбасшылығы мен маңызды рөлі іс жүзінде қалай көрінеді?

Практикалық тест

**1. НЕЛІКТЕН ҰЙЫМ БАСШЫСЫ
КОМПАНИЯДАҒЫ СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
БАҒДАРЛАМАНЫҢ
ТИІМДІЛІГІНДЕ МАҢЫЗДЫ
РӨЛ АТҚАРАДЫ?**



КОМПАНИЯ БАСШЫСЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША КӨШБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ:

Заңды себебі

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жоқтығы үшін тәртіптік жауапкершілік;
- Бағынышты адам сыбайлас жемқорлық жағдайында отставкаға кету мүмкіндігі (айыптау үкімінің болуы және т .б.) - мемлекеттік органдарда.

Менеджерлік себебі

- Ол барлық персонал үшін жауап береді және жеке фактор ретінде сыбайлас жемқорлық мүмкіндігін жоққа шығаруы керек;
- Ұйымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы процестердің драйвері болып табылады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін құрады және оның жұмысына белсенді қатысады.


Этикалық себебі

- Қызметкерлер үшін парасаттылықтың үлгісі болуы керек;
- Этикалық кәсіби және корпоративтік құндылықтарды сақтау бойынша барлық бастамаларға қолдау көрсетеді.

**2. БАСШЫНЫҢ СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
КОМПАЕНС-ҚЫЗМЕТТІ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІН
ҚҰРУДАҒЫ НЕГІЗГІ
ФУНКЦИЯЛАРЫ**



ҚЫЗМЕТТІҢ ҮҚТИМАЛ БАҒЫТТАРЫ:



**3. ҚҰЖАТТАРДАН
ТӘЖІРИБЕГЕ ДЕЙІН...
ПРОГРЕСКЕ ҚАЛАЙ
ЖЕТУГЕ БОЛАДЫ?**



3.1. КОМПАНИЯДА ІС ЖҮЗІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БАҒДАРЛАМАНЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі бағалауды бастау, осы бағалауға қатысу және тәуекелдер картасын бекіту (мұны қалай жасау керек – 7-сабақты қараңыз).
2. Ұйымдағы мүдделер қақтығысының типтік жағдайларының тізбесін құруға, осындай тізбені бекітуге бастамашылық ету.
3. Мүдделер қақтығысын шешудің жеке саясатын – қызметкерлер мен басшыға арналған рәсімдерді әзірлеуге және бекітуге қатысу.
4. Корпоративтік этика немесе мінез-құлық кодексін әзірлеуге және бекітуге қатысу.
5. Компанияда сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратты ашу жөніндегі саясатты әзірлеуге және бекітуге қатысу.

3.1. КОМПАНИЯДА ІС ЖҮЗІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БАҒДАРЛАМАНЫ ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ

6. Компанияның серіктестері мен контрагенттерінің сенімділігін тексеру рәсімін әзірлеуге және бекітуге қатысу.
7. Компания қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытуға бастамашылық ету.
8. Компаенс-қызмет сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне тиісті мониторинг пен бақылауды қамтамасыз ету, прогресті бағалау үшін индикаторларды айқындау.
9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметінің қызметі туралы жыл сайынғы есепті бекіту.
10. Басқа компаниялармен және кәсіпкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұжымдық іс-қимылдарға қатысу

3.2. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ КОМПАНИЯДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КЛИМАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

1. Компания қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарлама және іс-әрекеттер туралы – коммуникациялардың ішкі арналары (сайт, әлеуметтік желілер, баспасөз қызметі және PR-қызмет, жұмыс кездесулері, пікірталастар, плакаттар және т.б.) арқылы хабардар ету.
2. Серіктестерді, контрагенттерді және реттеушілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарлама және компаниядағы іс-әрекеттер туралы ақпараттандыру-сыртқы коммуникация арналары (сайт, таратылымдар, іс-шараларға қатысу және т.б.).
3. Басшының компанияның жаңа қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытуға қатысуы – арнайы тренингтер мен вебинарлар (компанияның АҚ бағдарламасы туралы базалық білім).
4. Басшының компаниядағы мансабын жалғастыратын қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытуға қатысуы-сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс туралы озық білім және т. б.
5. Компаниядағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратты ашқаны үшін қызметкерлерге сыйлықақы беру.

3.2. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ КОМПАНИЯДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КЛИМАТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

6. Корпоративтік мінез-құлықтың этикалық нормалары мен ережелерін бұзғаны туралы шағымдарды қарауға қатысу.
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды қолдау – қызметкерлер үшін викториналар, конкурстар, ойын симуляцияларын өткізу.
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдардың тиімділігі бойынша қызметкерлерге тұрақты сауалнама жүргізуді қолдау.
9. Анонимді хабарламаларды қоса алғанда, компаниядағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау үшін «сенім телефонын» тексеру, қолдау және ілгерілету.
10. Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламасын және белгілі бір шектеулер мен талаптарды түсіндіру үшін компанияның негізгі контрагенттерімен тұрақты кездесулер өткізу.

3.3. ӨЗІН МЫСАЛ РЕТІНДЕ АЛУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ЭТИКАНЫ ІЛГЕРІЛЕТУ

1. Отбасын, аффилиирленген тұлғаларды, компанияларды және т. б. қоса алғанда, мүлік, кірістер мен шығыстар туралы декларацияны жариялау.
2. 100% және бірінші өзі корпоративтік этика нормаларын тұрақты ұстану.
3. Компания жұмыс істейтін өңірдегі корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің бір бөлігі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобаларды – білім беру, пікірталас және т.б. қолдау.
4. Компания жұмыс істейтін өңірде - азаматтық қоғаммен және басқа да кәсіпкерлермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұжымдық іс-қимылдар мен акцияларды бастау және ілгерілету.
5. Артық өкілдік шығындардан, сыйлықтардан, демеушіліктерден бас тарту, формальдылықты жеңілдету үшін төлемдер және басқа да жасырын төлемдер тек құжаттарда, сонымен қатар іс жүзінде.
6. Сыбайлас жемқорлықсыз, қайтарымсыз, сыйлықсыз және т. б. «таза бизнес» идеясын ілгерілету.
7. Компанияның мүдделерін заңсыз әдістермен лоббизм жасаудан бас тарту.
8. Қорқыту, қысым жасау, жыныстық қудалау, сыбайлас жемқорлық және т. б. компанияда абсолютті тыйым салуды қолдау.